


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

# СӨЖ

Тақырыбы: Қазіргі заманауи психология, ғылым және тәжірибе

Орындаған: Амангелді Б  
Тексерген: Садықова Н

- Қазіргі кезде психология ғылымы — көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми тән. Бұл салалар мен тармақтар дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірибелік іс-әрекеттерін қамтитын әр қилы сатыда тұр. Оларды топтастырып, жік-жікке ажырату жіктеу (классификация) деп аталады. Енді осы мәселенің сырын ашуға кірісейік, Біз психиканың дамуын жіктегенде, ең бірінші, осы пәннің, зерттейтін объектісін, екінші. адамның іс-әрекет түрлерін негіз етіп аламыз. Үшінші, адамның өзін даму мен іс-әрекет несі деп санап, оның әлеуметтік ортаға қатынасын алып қарастырамыз. Адамның нақты іс-әрекеттеріне сүйене отырып, оның психикасының дамуын темендегіше жіктейміз.



- I. Тәлім-тәрбие (педагогикадық) психологиясы, Бұл пәннің зерттейтіні — адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды зереттеудің түйінді мәселелерін қарастырады..
- II. Жас кезеңдерінің психологиясы — әр қилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, қарт адамдар психологиясы.

- III. Арнаулы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы ер қилы аурулардың себептерін қарастырады
- IV. Еңбек психологиясы — адамның іс-әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады. Еңбек психологиясының мақсаты — әр түрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік-кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал-аспаптардың құрылысы мен орналасуын, хабар жүйелерінің қажетті заттарын қарастыру



- V. Медициналық психология дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез-құлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтық адам психикасын зерттеуге қатысты мақсат-міндеттері бар.
- VI. Әскери психологияның ең басты міндеті — азаматты ел-жұрты мен Отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау.
- VII. Әлеуметтік-психология адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады.
- VIII. Спорт психологиясы спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады, Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын қарастырады.

- IX, Сауда психологиясы — қазіргі заманда кенінсің дамып отырған сала. Бұл сала бойынша әрбір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді,
- X. Ғылыми-шығармашылық (творчество) психологиясы — соңғы кездерде зерттеле бастаған сала, Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т, б. сипаттары зерттеледі.
- XII. Салыстырмалы психология психиканың филогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады.
- XI. Көркемөнер, әдебиет пен шығармашылыққа қатысты психология. Бұл сала бойынша қарастырылатын мәселелер — - әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары. Бұл саланың өзекті мәселелері әлі күнге дейін жүйелі түрде өз дәрежесінде зерттеле қойған жоқ.





- Және де алғашқы он жылдықтарда психологияның теориялық (дүниетанымдық) тарапы басымдау болды. Ал қазіргі кезеңде оның қоғамдағы рөлі көп өзгеріске ұшырады. Ол енді білім жүйесіндегі, өндірітегі, мемлекеттік басқару, медицина, спорт және т.б. кәсібі практикалық қызметтің ерекше саласына айналып барады. Психология ғылымының практикалық міндеттерді шешуге араласуынан оның теориясының даму жағдайлары да біршама өзгерді. Шешімі психологиялық білікті білікті қажет еткен міндеттер адамдық фактор маңызының жоғарылауынан қоғам өмірін барша тарапында әр қилы формада пайда болуда. «Адамдық фактор» дегеніміз әр азамат тұлғаға тән болып, олардың нақты іс-әрекетінде көрініс беретін әлеуметтік психологиялық, психологиялық және психо-физиологиялық

- Біз бұл жерде осы күнгі қоғамдық тәжірибенің психология алдына қойған талаптарының бәрін талдау міндетін алмай (өйткені, адам араласқан жердің бәрінде мың сан міндет), бала психикасының дамуына байланысты психологияның маңызын қысқа атап өтпейміз. Халықты білімдендіру жүйесінің барша бөлшектерінде (мектепке дейінгі, орта, жалпы білім беруші, орта арнаулы, жоғары мектеп) психологиямен сабақтас проблемалар шексіз. Психикалық құбылыстардың жүйесін түгелімен қарапайым түйсктен бастап, жеке адам психикалық қасиеттеріне дейін — оларды басқарушы объектив заңдылықтарды ашу үшін зерттеу, оқу мен тәрбиенің теориялық негізін, қоғамдық міндеттерін, ұйымдастыру формаларын анықтап белгілеуде орасан маңызға ие.
- Психология ғылымының қолданбалық мәнін қоғам түсініп, қабылдауынан халыққа білім беру мекемелерінде психологиялық қызмет тармақтарын іске қосу идеясы өз қолдауын тапты. Қазіргі күнде бұл қызмет қалыптасып, дамуда, ол келешекте ғылым мен оның нәтижелерін практикаға ендіруде дәнекер жүйе

▣ Назарларыңызға рахмет!!!

